



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- «7M04202 - Фискалды құқық және халықаралық құқық»
- (ғылыми-педагогикалық бағыт)

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Қазіргі заманғы пәндік, коммуникативтік, цифрлық, кәсіпкерлік құзыреттерге, құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың жоғары деңгейіне ие, құқықтық актілерді кәсіби қолдануға, күрделі мәселелерді шешуге және халықаралық салық құқығы саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге қабілетті халықаралық салық құқығы саласында маман даярлау

## КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Қазақстан Республикасында және шет елдерде мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау; құқықтық қатынастарды шарттық-құқықтық реттеу; ҚР сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметін құқықтық қамтамасыз ету.

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1** - пәнаралық контексте халықаралық құқық мәселелерін шешудің жаңа ғылыми тұжырымдамаларын қолданады;

**ОН2** - ҚР сыртқы саясатына және Қазақстанның шет елдермен ынтымақтастығына әсер ететін стратегиялық сыртқы және ішкі факторларды сыни бағалауға қабілетті, жаңа идеяларды түрлендіру қабілеті бар;

**ОН3** - инновациялық өнімдерді жасау үшін жаңа теориялар, әдіснамалар және технологиялар контекстінде өз зерттеулерінің негізінде жаңа және бейтаныс контексте шешімдер қабылдайды.

**ОН4** - өзінің кәсіби қызметіне қатысты бөлігінде еңбек және жұмыспен қамту нарығына бейімделеді (экзистенциалды құзыреттілік дағдылары жүйесіне ие – еңбек нарығын зерттеу).

**ОН5** - корпоративтік менеджментті жүзеге асыра отырып топта жұмыс істейді; өзінің білімі мен іс-әрекетін сыни бағалайды, оқуын жалғастыруға қабілетті.

**ОН6** - шет тілдерінде кәсіби қарым-қатынас жасаудың қажетті дағдыларын меңгерген.

**ОН7** - ҚР мен шет елдердің нормативтік-құқықтық актілерін және халықаралық шарттардың нормаларын талдай және түсіндіре алады;

**ОН8** - ұлттық және халықаралық қайнар көздерді талдауға, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануға және қолданыстағы заңнамада еркін бағдарлануға қабілетті;

**ОН9** - ҚР қолданыстағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге қабілетті;

**ОН10** - халықаралық құқық мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге қабілетті, қалыптасқан таптаурындарды сыни талдау және еңсеру дағдыларын меңгерген;

**ОН11** - нақты заң қызметі түрлерінде білікті заң қорытындылары мен кеңестер беруге қабілетті;

**ОН12** - академиялық адалдықтың мәнін, қағидаларын және мәдениетін түсінеді.